

2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алудың (пайдаланудың) аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісіндегі ең төменгі нормаларын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 маусымдағы N 147 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 24 маусымда N 4006 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 - бабы 2 - тармағының 12 - 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 - бабы 1 - тармағының 5) тармақшасына, "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6 - 1 - бабының 18) тармақшасына сәйкес және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 - 2/664 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 10190) бұйрығын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алудың (пайдаланудың) аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісіндегі ең төменгі нормалары бекітілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы (Д. М. Селиханов) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

2015 жылғы "17" 06

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің

2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алудың (пайдаланудың) аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісіндегі ең төменгі нормалары

p/c №	Дақыл	Аймақтар				
		1	2	3	4	5
		2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алудың (пайдаланудың) 1 гектарға арналған ең төменгі нормалары, килограмм				
1	Бидай	7,372	7,917	6,849	6,349	5,872
2	Арпа	13,112	14,178	12,092	11,119	10,192
3	Тары	0,227	0,236	0,209	0,193	0,177
4	Сұлы	4,845	5,144	4,462	4,099	3,754
5	Күздік кара бидай	15,745	17,066	14,481	13,676	12,502
6	Қаракұмық	1,447	1,585	1,317	1,195	1,079
7	Жүгері (будан)	31,2	32,5	29,9	28,6	27,3
8	Дәнді – бұршақты	27,124	29,048	24,489	21,991	19,633
9	Қытай бұршағы	0,870	0,949	0,795	0,724	0,679
10	Рапс	0,717	0,807	0,631	0,631	0,551
11	Мақсары	0,416	0,449	0,384	0,354	0,326
12	Зығыр	1,447	1,585	1,317	1,195	1,079
13	Күнбағыс (сорт)	0,542	0,627	0,463	0,390	0,323
	Күнбағыс (будан)	7,8	7,8	7,8	7,8	7,8
14	Қыша, басқа майлы дақылдар	0,073	0,080	0,067	0,062	0,057
15	Картоп	278,787	301,990	258,744	239,085	220,867
16	Біржылдық шөптер	0,050	0,056	0,044	0,039	0,034
17	Дәнді көпжылдық шөптер	24,7	26	23,4	22,1	20,8
18	Бұршақты көпжылдық шөптер	24,7	26	23,4	22,1	20,8

Ескерту: 1 (бірінші) аймақ – таулы шалғынды – далалы, таулы орманды - далалы,
2 (екінші) аймақ – тау бөктерлі далалы,

3 (үшінші) аймақ – қуаң далалы,

4 (төртінші) аймақ – ұсақ шоқылы шөлейтті,

5 (бесінші) аймақ – шөл далалы.

Бірінші аймаққа Катонқарағай ауданы және Риддер қаласы кіреді.

Екінші аймаққа Глубокое, Зырян, Шемонаиха, Көкпекті аудандары және Өскемен қаласы кіреді.

Үшінші аймаққа Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Күршім, Ұлан, Үржар аудандары және Семей қаласы кіреді.

Төртінші аймаққа Аягөз ауданы кіреді.

Бесінші аймаққа Зайсан және Тарбағатай аудандары кіреді.